

**"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 767 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24  
қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.**

**ПРЕСС-РЕЛИЗ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері» туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысына (  
Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 2, 94-құжат) мынадай  
өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің  
Өңірлік даму комитеті міндеттемелері мен мүлкін Қазақстан Республикасы  
Өңірлік даму министрлігіне бере отырып таратылсын.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өңірлік даму  
министрлігі туралы ережеде:

1 6 - т а р м а қ т а :

1. Орталық аппараттың функцияларында:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) жетекшілік ететін салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен  
міндеттерге қол жеткізу тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеу және  
бекіту және жергілікті атқарушы органдар үшін оны әдіснамалық сүйемелдеу;»;

16) тармақша алынып тасталсын;

96) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«96) өз құзыретіне жататын жерді беру және алып қою, жерді бір санаттан  
басқасына ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау жөніндегі жұмысты  
үйлестіру;» ;

мынадай мазмұндағы 107-1) тармақшамен толықтырылсын:

«107-1) жетекшілік ететін салаларда кадрларға қажеттілікті айқындау;»;

2. Ведомстволардың функцияларында:

мынадай мазмұндағы 46-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«46-1) өз құзыретіне жататын жерді беру және алып қою, жерді бір санаттан басқасына ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК